

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 316 – 320

UDC 378.147

FORMATION OF PROFESSIONAL AND COMMUNICATIVE COMPETENCE ON THE BASIS OF PRAGMA-PROFESSIONAL TASKS

G.O. Shalshykbayeva¹, R.M. Bakhtiyarova², E.M. Maulenova³

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages Almaty^{1,2,3}
rai_bah@mail.ru

Keywords: situation, model, communication, professional, problem, communicative competence, pragma-professional task

Abstract. At present, education has become a key element of the social structure, due to the strengthening of the social role of education in the world. Modern educational process focused primarily on the individual abilities of the students, in conjunction with the objectives of development of communicative competence. In accordance with the requirements of a modern foreign language teaching, the development of advanced technologies, training is the most important in the country and is one of the most pressing issues.

By simulating different real situations of communication in the classroom, students learn to find solutions to various problems, develop creative abilities of students and formed their professional competence. Thus, using this method, students gain both theoretical knowledge and practical skills.

The article deals with formation of communicative competence on the basis of pragma-professional tasks in teaching foreign languages.

ӘОЖ 378.147

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПРАГМАТИКАЛЫҚ КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Г.О. Шалшыкбаева¹, Р.М. Бахтиярова², Е.М. Мауленова³

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Өлем тілдері Университеті^{1,2,3}
rai_bah@mail.ru

Тірек сөздер: жағдаят, үлгі, қатысым, кәсіби, мәселелік, қатысымдық компетенция, прагматикалық-кәсіби тапсырмалар.

Аннотация: Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды бөлігіне айналды, себебі дүние жүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артты. Заманауи білім беру үрдісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің іскерлігін, қатысымдық құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатыр. Қазіргі заман талабына сай шетел тілін меңгеруде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару–еліміздегі ең маңызды, әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Кәсіби бағытталған қатынасқа оқытуда жағдаятты үлгілеуші технологияны қолдану шартты жағдайда белгілі бір мәселені тудыру арқылы жасалады. Оқушы хабарламаны түсінеді және сол мәселені шешеді, бұның ерекшелігі кәсіби пынайы жағдай жасай отырып, болашақ маманның шығармашылық біліктілігінің қалыптасуына және оның кәсіби-бағытталған құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, бұл әдіс арқылы студенттер өз беттерінше теорияны меңгере отырып, практикалық дағдыларға да үйренеді, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне де ие болады. Студенттер жағдаятқа талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабаққа қызығушылығы артады.

Бүгінгі таңда халықаралық байланыстар мен кәсіби айырбастың кеңейуі, еңбек пен академиялық мобильділіктің өсуі кәсіби сөз бен кәсіби қатынасты игеру мен оқуды ерекше сұранысқа итермелеп отыр. Арнайы мақсат үшін оқытылатын тілдің пәндік процессуальдық мазмұны кәсіби өндірістік қатысымдық

ортада ұйымдастырылады. Сол себепті отандық әдіскер ғалымдардың еңбектерінде шеттілдік оқытудың әдістемелік жүйесі кәсіби қатынастың кәсіби – негізделген біліктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Шетел тілін оқыту үрдісі «қатынас теориясы» ретінде қарастырылып, ал оның жүзеге асыратын құралы болып «қатынасты үлгілеу» болып табылады. А.Б. Тыныштықбаеваның еңбегінде кәсіби қатынасқа оқыту үрдісі үйренушілердің кәсіби қатысымдық біріккен әрекетінің үлгісі немесе ұқсастығы (аналог) ретінде қарастырылады. Белгілі бір ортада кәсіби қатынасты үлгілеу талаптарына тоқталсақ:

- кәсіби қатынастың жағдаяттар тізімі, оның функциональдық белгіленуі мен үлгісінің құрастырылуы;
- қарым-қатынаста қатысымдық мақсатқа жету үшін кәсіби қатынастың стереотиптерін, қатысымдық сөз біліктері мен дағдыларын жинақтауы;
- кәсіби қатынас жағдаяттарын үлгілеу үшін қатысушылардың стратегиясы мен тәсілі .

Ал кәсіби қатынасты ұйымдастыру мен үлгілеуде төменде берілген талаптар кәсіби қатынасты оқыту сапасы мен тиімділігін көрсетеді:

- кәсіби дайындық пен әрекеттің тұтастығын көрсететін субкодтардың тұтастығы;
- өзектілік деңгейіне байланысты вариацияланған ақпараттық кеңістігінің тұтастығы;
- жеке қатысымдық мәселелермен өзгеленген кәсіби қатысымдық мақсаттың бірлігі;
- продукция мен рецепция біліктерінің кешені ретінде кәсіби сөздің қалыптасқан деңгейі;
- қатысымдық процесі дамытуды қамтамасыз ететін мотивті ынталандырманың тұтастығы. [1].

Д.Н.Кулибаеваның еңбегінде арнайы кәсіби бағыттағы үлгі ретінде үлгілеу әдісін оқу үрдісінде қолданылатын технология ретінде қарастырады. Қатынас үрдісінің үлгісі қатысымдық кешен арқылы жүзеге асады. Қатысымдық кешенде кәсіби қатынас біліктерін қалыптастыратын ұйымдастырушы процесс инофонды пәндік кәсіби мәтін қарастырылады. Қатысымдық кешенді қатысымдық орта (қатынас тақырыбы, жағдаяттар, жағдаяттар компоненті), метатілдік лексикалық материал, инофонды әр түрлі құрылымды мәтіндер (сипаттау анықтама, мінездеме, топтама, мамандану) және тіл жанрлары (интервью, дискурс, презентация, пресс конференция т.б.) құрастырады. Белгілі бір орта төңірегінде орталықтанған осындай кешенде рецептивтік (тыңдалым мен оқылым) және репродуктивтік (айтылым мен жазылым) дағдыларын қалыптастыруға және кәсіби бағытталған еркін қатынасқа дайындауда тиімді шарттар жасайды [2].

Шеттілдік білім беру мазмұны екі блок арқылы айқындалады: процессуальдық және пәндік. Болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби бағыттағы дайындығының пәндік мазмұнын жалпы қабылданған қатысымдық ауқым немесе қарым-қатынас жиынтығы, қарым-қатынас жағдаяттары, тақырыптық-мәтіндік бірлік шеңбері [3] негізінде берілетін когнитивті-лингвомәдени кешен (КЛК) арқылы анықталады. [4]

Қатысымдық кешен негізінде, қарым - қатынас тақырыбы бойынша ақпараттық мәтіндер қолдану арқылы рецептивтік (тындап-түсіну мен оқу) және репродуктивтік (сөйлеу мен жазу) іскерліктер қалыптастыру үшін барынша тиімді жағдай жасалады. Сонымен қатар шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлаудың пәндік мазмұнының бірлігі болып- оқытудың мазмұндық бірлігі, мәселелік қатысымдық жағдаят (МҚЖ) болып табылады. [5]

Ғалым И.Л. Бим қазіргі педагогикалық үрдістегі жағдаяттар рөліне баса назар аударады, ғалымның айтуынша, оқу пәніне үйретудің бірлігі, тілдік материал (сөз, типтік сөйлем, мәтін) емес, әрекет бірлігі, яғни оқытушының мен оқушы өзара әрекеті жатады, бұл әрекет белгілі бір құралдар көмегімен іске асады (оқулық және өздік жұмыс), онда мұғалім нақты міндеттерді қояды және осы міндеттерге жету жолын айқындайды, ал оқушы осы міндеттерді іске асырады, мысалдар келтіреді. [6]

Жағдаят дегеніміз – белгілі бір жағдай, қалып туындағатын, шарттар пен жағдайлар үйлесімі. [7]

Жағдаят объективті шындықтың бір көрінісі, бұл субъектінің іс-әрекетінде жүзеге асады. Яғни жағдаят жағдайлар мен олардың сипаттарының жиынтығы ғана емес, сондай-ақ адамның ойлары мен әр түрлі сезімдері. Сонымен жағдаят объективті шындықтың бір көрінісі ғана емес және де ол сөйлеуші санасында қалып, үлгі түрінде орын алады.

Осылайша жағдаят сөйлеушілердің санасында форма, үлгі ретінде көрініс тапқан бөлігі, екі жақты қарым-қатынастың көмегімен жүзеге асатын әрекет [8].

Алайда жағдаят белгілі бір дәрежеде статикалық және динамикалық болып табылады: бұл екі жақты қарым-қатынас, сөз ойлау үрдісі, ал сөз әрекеті әртүрлі жағдаяттар бір-бірін алмастырып отыратын шегі жоқ байланыс.

Сондықтан жағдаят динамикалық, ол сөз әрекетімен бірге өзгеріп отырады және әрбір сөз әрекеті (реплика, ым-ишара) жағдаятты ілгері бастырып отырады.

Жағдаятқа тән негізгі ерекшелік- мазмұндылық, эвристикалық, иерархиялық, нақты құрылым. Жағдаят қарым-қатынас үрдісі іске асуының универсалды түрі болып табылады және сөз құралдарын ұйымдастыру тәсілі, сөз құралдарын сөз әрекетіне енгізу тәсілі, сөз іскерлігі мен дағдысын қалыптастырудың негізгі шарты, қатынастың тактикасы мен стратегиясына үйретудің алғышарты [9].

Кәсіби-педагогикалық бағытта оқытудың маңыздылығы оқытуда жағдаяттылық ұстанымын қолдана білу, тілдік және экстралингвистикалық шарттардың жиынтығы ретінде оқу сөз жағдаяттарын құрастыра білу іскерлігі болып табылады.

Жағдаяттылық ұстанымына сәйкес жағдаят әлеуметтік-деңгейлік, рөлдік, әрекетшілдік, рухани өзара қарым-қатынастар негізінде іске асатын интегративті динамикалық жүйе, әдістемеді оқу-педагогикалық жағдаяттарын туындату мақсатында қолданылады, шетелдіктермен, іскери серіктестермен кәсіби қарым-қатынас үрдісін үлгілеуші ретінде қолданылады.

Педагогикалық оқу жағдаяты квазикәсіби жағдаят ретінде қатынастың басты сапасын сақтай отырып, оқушылардың болашақ кәсіби қарым-қатынасының түрлі жағдайларын үлгілейді және олардың шығармашылық әрекетінің дамуына мүмкіндік береді. Шынайы кәсіби-әрекетке жақын тапсырмаларды қолданудың қажеттілігі мен маңыздылығы оқушылардың кәсіпті меңгеруге деген мотивациясын көтереді, сонымен қатар оқушыны болашақ кәсіпке дайындайды, олардың әлеуметтік –мәдени және арнайы әрекетшілдік құзыреттілігі деңгейін көрсететін дағдылар мен іскерліктерінің қалыптасуына ықпал етеді. [10]

Болашақ кәсіби әрекетке оқу жағдаяттары арқылы дайындауда рөлдік ойындардың алатын орны зор. Рөлдік ойындар студенттердің талдау, жинақтау қабілеттерін дамытады, алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға, болжамдауға және шынайы педагогикалық әрекетте кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Рөлдік ойындарды қолдана отырып әртүрлі мәселелерді қарастыруға болады. Рөлдік ойындарға қатысу – студенттердің мұғалімнің қатысуынсыз өз бетінше жұмыс істеу қабілеттілігін арттырады.

Ғалым Е.И. Пассовтың пікірінше, жағдаят қатынас үрдісінің бірлігі ретінде қарастырылады. Жағдаят – қарым- қатынас субъектісінің рөлдік, әлеуметтік, іскерлік және рухани екі жақты қарым-қатынасының интегралды динамикалық жүйесі. Осылайша белгілі болғандай, қатысымдық жағдаят келесі факторлардан құралады: қатысым, қатысымдық тапсырмалар және қатысымдық акт іске асатын орта, жағдай.[11]

Әдістемелік ұғым ретінде жағдаяттың негізгі қызметі- ол оқу үрдісінде қызығушылық, мазмұндылық, ұйымдастырылу және функциональдық аспектілерін қамти отырып шынайы қатынас жағдайына барабар шет тілінде сөйлеу мүмкіндігін туындата алады.

Жағдаят- субъектінің мотивациялық өзара әрекетіне негізделген коммуниканттардың сөз белсенділігін туындататын бөліктер жиынтығы, ол шынайы жағдайларды қамтиды, сонымен қатар белгіленген мақсатқа сәйкес жағдаяттағы өзгерістерді болжауға мүмкіндік береді.

Жағдаяттық қатынас - әрекет орнын, коммуниканттардың әлеуметтік рөлі мен олардың қатынасының мақсаттарын анықтайды және коммуниканттардың сөз белсенділігінің нәтижесі болып табылады.

Жағдаят – компоненттердің байланыс және ұйымдастыру факторы болып табылады, олар өзара байланыста болады, табиғи жағдаяттың динамикалық, әрекетке түрткі болу, сөз әрекетін өрбіту деген сияқты сипаттары оқу жағдаяттарын құру барысында ескерілуі тиіс.[12]

Қарым - қатынас мақсаты- коммуниканттардың әлеуметтік рөлі, қатысым мазмұны қатынас кезінде өзара ықпал етеді. Қатынас мақсатының өзгеруі әлеуметтік- рөлдік қатынас үндестігінің өзгеруіне әкелін соғады. Жағдаятты педагогикада болашақ шетел тілі мұғалімін дайындау үрдісімен байланысты бір жағынан кең мағынада қолданса, екінші жағынан тар мағынада қолданады.

А.А.Леонтьев қатынас жағдаяттарының мынандай келесі элементтерін алға тартады: орын, уақыт, коммуниканттардың рөлі, сыртқы орта, коммуниканттардың қабылдауы [13].

Қазіргі әдістемеді сөз әрекетіне түрткі болатын, яғни сөзге қатысымдық сипат беретін маңызды шарттарға сөз мотивінің болуын, жағдаяттылықты және жеке бағдарлылықты жатқызады.

Қатынас кезінде коммуникант қажеттілік туындағанда өз ойын білдіреді, сөйлеушінің не айтқысы келгенін сол кезде болып жатқан жағдай анықтайды. Қатынас жасау үшін қажеттілік және өз ойын білдіруге деген ниет болуы қажет.

Ал ғалым Г.В. Рогова мұны былайша түсіндіреді: «Сөзге түрткі болатын мәселе жағдаятта орын алады, ал жағдаят – сөйлеуші ұсынатын және оның сөзге қатысуға деген қажеттілігін тудыратын жағдайларды анықтайды». Г.В.Рогова мұны былайша түсіндіреді: мұндай жағдаяттар – нақты, абстрактілі және мәселелік болады. [14].

Жағдаят мына талаптарды қамтуы қажет:

- қатысымдық мақсаты болуы;
- түпнұсқалық және маңызды;
- оқушылардың кәсіби тәжірибесін ескеруі;
- кәсіби тапсырмаларды шешуі;
- лингвомәдениеттанулық ерекшеліктерін қамтуы керек.

Шетел тілі мұғалімін кәсіби бағытта оқыту- мәселелік тапсырмаларды (тілдік, қатысымдық, кәсіби сипаттағы) орындауда және мұғаліммен мәселелік жағдаяттарды құрастыру үшін қажетті білім, дағды және сөйлеу қатысымдық іскерліктерінің қалыптасуын талап етеді.

Психологиялық әдебиеттердің талдаулары мен зерттеулері

көрсеткендей ойлаудың белсенді түрлері мәселелік жағдаяттар мен тапсырмаларды шешу кезінде пайда болады.

С.Л. Рубинштейннің пікірінше, мәселелік жағдаят бірнеше элементтерден құралады, олар анық емес және де олар белгісіз бір мәселені алға тартады, сол түйінді немесе элементті шешуді қажет етеді.

Оқушыға әрекет етудің жаңа тәсілдерін іздестіруге немесе меңгерген тәсілдерді қолдана отырып жаңа үйлестік табуға тура келеді.

Мәселелік тапсырмаларды шешу- сәйкес білімдерді (пәндік, тілдік, әдістемелік, энциклопедия, әлеуметтік және т.б.) қолдануды, қалыптасқан тәжірибеге сүйенуді, алынған және қорытылған білімді қолдана білуді оқушыға мәселені шешуде белсенділік танытуды талап етеді. Білім ойлау үрдісінің нәтижесі екенін ұмытуға болмайды.

С.Л. Рубинштейннің пайымдауынша «ойлау үрдісі- талдау мен жинақтау- білімнің бір мезгілдегі қозғалысқа түсуі; бұл ойлаудың мазмұндық жағы болып табылады, ал білімді меңгеру ойлаусыз жүзеге аспайды. Білімді меңгеру үшін алдымен ой елегінен өткеріп талдап және жинақтап барып меңгереміз». [15].

Қазіргі зерттеушілер оқушылардың өзіндік әрекетін – оқу әрекетінің жоғарғы түрі деп санайды.

Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде- оқу әрекеті көбінесе оқу тапсырмалары жүйесі ретінде қарастырылады.

Осылайша Л.Д. Столяренконың пайымдауынша, оқу әрекетін жеке қарастырмау керек, оқу жағдаятының мән-мәтінінде қарастыру қажет.

Оқу тапсырмалары Н.А.Леонтьевтың анықтауынша, белгілі бір жағдайға негізделген мақсат. Оқу тапсырмасы, белгілі бір қарама-қайшылығы бар мәселенің шешімін табуға және мақсатқа жетуге алып келетін оқу тапсырмасы ретінде беріледі. Оқу тапсырмасында мәліметтің бір бөлігі ғана беріледі, бұл ақпараттың күрделі жүйесі, қалған бөлігін оқушыға қисынды ойлау әдісімен, тапсырманы шешуді ұйымдастыра және жоспарлай отырып шешуге тура келеді. [16]

Қазіргі зерттеушілердің зерттеулеріне сай оқу тапсырмаларының түрлері:

1. кәсіби-мәнді типтік тапсырмалар

2. прагматикалық-кәсіби бағдарлы тапсырмалар болып табылады.

Типтік тапсырмалар- тәжірибелік мақсатты болуымен сипатталады, меңгерілген оқу материалына тірек болады. Оқушыға мәлім әрекет тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылады.

Прагма-кәсіби бағдарлы тапсырмалар – кәсіби бағыттылығымен сипатталады, жағдаятқа негізделеді. [17].

Оқушыдан мәселені өз бетімен анықтау іскерлігін, мәселені шешу бағдарламасын құруды талап етеді, сонымен қатар оқушыдан мәселені шешуде шығармашылық талап етеді. Мысалы: Сіз «Білім беру жүйесіне ұлттық және халықаралық стандарттарын енгізу мәселелері» атты ғылыми конференцияға қатыспақшысыз. Қазақстандағы білімді интернационалдандыру туралы не айтар едіңіз?

Осылайша мәселелік тапсырмаларды шешкенде сөз ойлау әрекеті маңызды болады. Мәселелік жағдаятты шешу барысында оқушы жаңа ақпаратпен танысып, зерттелетін мәселеге байланысты жаңа фактілермен жаңа жақтарын ашуға тырысады. Оқу-танымдық үрдіс, ал тапсырманы шешуді-әрекет ету үрдісінде тәжірибелік мақсатқа бағытталған білімді меңгеру деп атауға болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Тыныштықбаева А.Б. Методика формирования умений профессионального общения на иностранном языке у студентов технического вуза (английский язык). дисс. канд. пед. наук.-Алматы, 1999. - 183-184 б.

[2] Кулибаева Д.Н. Инновационная модель формирования международно- стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. Алматы, Атамұра, 2002. – 216б.

[3] Колкер Я.М., Устинова Е.С. Как достигается сотрудничество преподавателя и обучаемого? // ИЯШ -2000.- №1.- 29 б.

[4] Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. –Алматы, 2010.-344 б.

[5] Қасенова Д.А. Шетел тілін оқыту әдістемесінде коммуникативті біліктілікті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері //Мектептегі шетел тілі.- 2010.-№1.- 28-32 б.

[6] Бим.И.Л. Цели обучения иностранным языкам в рамках базового курса//ИЯШ- 1996 № 1,48-52-б.

[7] Бим И.Л. Методика обучения иностранным языкам как наука и проблема школьного учебника. –М.: Русский язык, 1977.-288-б.

[8] Пассов Е.И., Стоянский А.М. Ситуация речевого общения как методическая категория//ИЯШ.1989.№2, 18-22-б.

[9] Мильцева А.Н. Система языкового образования в неязыковых специализированных вузах.-М.-2001.-178 б.

[10] Өтепберген Ж.Т. Мәдениетаралық қарым-қатынас субъектілерін қалыптастыруда қатысымдық сөз жағдаяттарын құрастыру ерекшеліктері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. Алматы, 2010, 372-375 б.

[11] Пассов Е.И. Теоретические основы обучения иноязычному говорению.- Воронеж: Изд.-во ВГУ, 1983.-199-б.

[12] Арыстанов М.Ж., Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж. С. Проблемно-модельное обучение: вопросы теории и технологии.- Алма-Ата: Мектеп, 1980.

[13] Леонтьев А.А. Национально-культурная специфика речевого поведения.-М.: Наука, 1972.- 66 –б.

[14] Рогова Г.В., РябиновичФ.М.,Сахарова Т.Я. Методика обучения иностранным языкам в средней школе.- М.: Просвещение, 1991.-287-б.

[15] Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии.-М.:Изд-во Питер,2000.-712-б.

[16] Леонтьев А.А. Национально-культурная специфика речевого поведения.-М.: Наука, 1972.- 56 –б.

[17] Кузнецова Т.Д., Селиверстова И.А. Способы реализации интегрированного подхода к учебному процессу в иноязычном образовании.- Материалы республиканской научно-практической конференции «Актуальные проблемы гуманизации педагогического процесса: теория и практика», Вестник КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2012. №1 (26).-132-136 –б.

REFERENCES

[1] Tynyshtybaeva A.B. Metodika formirovaniya umenij professional'nogo obshcheniya na inostrannom yazyke u studentov tekhnicheskogo vuza (anglijskij yazyk). diss. kand. ped. nauk.-Almaty, 1999. - 183-184 b.

[2] Kulibaeva D.N. Innovacionnaya model' formirovaniya mezhdunarдно- standartnyh urovnej vladeniya inostrannym yazykom v usloviyah shkol mezhdunarдного типа. Almaty, Atamyra, 2002. – 216b.

[3] Kolker YA.M., Ustinova E.S. Kak dostigaetsya sotrudnichestvo prepodavatelya i obuchaemogo? // IYASH.2000. №1.29 b.

[4] Kunanbaeva S.S. Teoriya i praktika sovremennogo inoyazychnogo obrazovaniya. –Almaty, 2010.-344 b.

[5] Қасенова Д.А. SHetel tilin оқыту әдістемесінде коммуникативті біліктілікті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері //Мектептегі шетел тілі.- 2010.-№1.- 28-32 b.

[6] Bim.I.L. Celi obucheniya inostrannym yazykam v ramkah bazovogo kursa//IYASH- 1996 № 1,48-52-b.

[7] Bim I.L. Metodika obucheniya inostrannym yazykam kak nauka i problema shkol'nogo uchebnika. –M.: Russkij yazyk, 1977.-288-b.

[8] Passov E.I., Stoyanskij A.M. Situaciya rechevogo obshcheniya kak metodicheskaya kategoriya//IYASH -1989.-№2, 18-22-b.

[9] Myl'ceva A.N. Sistema yazykovogo obrazovaniya v neyazykovyh specializirovannyh vuzah.-M.-2001.-178 b.

[10] Өтепберген З.Н.Т. Мәдениетаралық қарым-қатынас суб"ектілерін қалыптастыруда қатысымдық сөз жардайаттарын құрастыру ерекшеліктері. Halykaralyқ rylymi-tәzhiribelik конф. materialdary. Almaty, 2010, 372-375 b.

[11] Passov E.I. Teoreticheskie osnovy obucheniya inoyazychnomu govoreniyu.- Voronezh: Izd.-vo VGU, 1983.-199-b.

[12] Arystanov M.ZH., Pidkasistyj P.I., Hajdarov ZH. S. Problemno-model'noe obuchenie: voprosy teorii i tekhnologii.- Alma-Ata: Mektep, 1980.

[13] Leont'ev A.A. Nacional'no-kul'turnaya specifiка rechevogo povedeniya.-M.: Nauka, 1972.- 66 –б.

[14] Rogova G.V., Ryabinovich F.M., Saharova T.YA. Metodika obucheniya inostrannym yazykam v srednej shkole.- M.: Prosveshchenie, 1991.-287-b.

[15] Rubinshtejn S.L. Osnovy obshchej psixologii.-M.:Izd-vo Piter,2000.-712-b.

[16] Leont'ev A.A. Nacional'no-kul'turnaya specifiка rechevogo povedeniya.-M.: Nauka, 1972.- 56 –б.

[17] Kuznecova T.D., Seliverstova I.A. Sposoby realizacii integrirovannogo podhoda k uchebnomu processu v inoyazychnom obrazovanii.- Materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Aktual'nye problemy gumanizacii pedagogicheskogo processa: teoriya i praktika», Vestnik KazUMOiMYA im. Abylay hana, 2012. №1 (26).-132-136 –б.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА ОСНОВЕ ПРАГМА-ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЗАДАЧ

Г.О. Шалшыкбаева ¹, Р.М. Бахтиярова ², Е.М. Мауленова ³

Казахский Университет Международных Отношений и мировых языков имени Абылай хана ^{1,2,3}

Ключевые слова: ситуация, модель, коммуникация, профессиональный, проблемный, коммуникативная компетенция, прагма-профессиональная задача.

Аннотация: В настоящее время образование стало основным элементом социальной структуры, из-за усиления социальной роли образования в мире. Современный образовательный процесс ориентирован в первую очередь на индивидуальные способности учащихся, на учет их интересов и стремлений, мировоззрения в сочетании с целями развития коммуникативной компетентности. В соответствии с требованиями современного преподавания иностранного языка, освоение передовых технологий, средств обучения является наиболее важным в стране и является одним из наиболее актуальных вопросов.

Моделируя разные реальные ситуации общения на уроке преподаватель создает условия в которых студенты учатся найти решение разнообразных задач, развиваются творческие способности студентов и формируется их профессиональная компетентность. Таким образом, обучение иноязычной культуре и языку, построенное на коммуникативной основе, расширяет возможности предмета в решении этих задач и студенты приобретают как теоретические знания, так и практические навыки.

В работе также рассмотрено формирование коммуникативной компетенции на основе прагма-профессиональных задач на уроках иностранного языка.

Поступила 25.04.2016 г.